## Қазақстан Республикасы түзеу мекемелерінің және тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 92 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясына сәйкес және Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару жүйесінің қызметін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы түзеу мекемелерінің және тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін. <*>

Ескерту. Тақырыпта және мәтінде "түзеу мекемелерінің" деген сөздерден кейін " және тергеу изоляторларының" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 92 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы түзеу мекемелерінің және тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2003 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ <*>

Ескерту. Тақырыпта және мәтінде "түзеу мекемелерінің" деген сөздерден кейін " және тергеу изоляторларының" деген сөздермен толықтырылды, "2005" деген сандар " 2003" деген сандармен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

### 1. Паспорт

Бағдарламаның атауы және оны іске асыру мерзімі:

"Қазақстан Республикасы түзеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасы". <*>

**Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

Қылмыстық-атқару заңнамасының ережелерін одан әрі іске асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсарту.

Жаңа құрылыстар салу және жұмыс істеп тұрған түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларын қайта жаңарту, сондай-ақ оларды күзеттің қазіргі заманғы инженерлік-техникалық құралдарымен жабдықтау, қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту.

## 2. Кіріспе

Ұсынылып отырған Бағдарлама Қазақстан Республикасының 1999-2003 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.3.28-тармағына сәйкес әзірленді. <*>

Бағдарламаны әзірлеу сотталғандарды және қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушы адамдарды ұстаудың жағдайларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасымен сәйкестендіру, жаңа құрылыстар салу және қолда бар түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігінен туындап отыр, сондай-ақ мұның алдындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қазандағы қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің және алдын-ала қамауға алу орындарының қызметін тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Үкімет бағдарламасы негізінен орындалды және оның қолданылу мерзімі өтіп кетті.

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

## 3. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің қазіргі жағдайын талдау

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Ішкіісмині) қылмыстық-атқару жүйесі республика ішкі істер органдары жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және қылмыстық жазаны атқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушы адамдарды күзет қамауында ұстауды қамтамасыз ететін ұйымдардың, мекемелердің және құрылымдық бөлімшелердің жиынтығын құрайды.

Бүгінгі күні республикадағы қылмыстық-атқару жүйесінің құрамына 91 бөлімше кіреді, оның ішінде: 21 жалпы, 15 қатаң және 3 айрықша қатаң режимдегі түзеу колониясы, 23 колония-қоныстары, кәмелетке толмағандарға арналған 3 тәрбие колониясы, 1 түрме, 8 арнайы емдеу мекемесі және оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдалған қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушылар

күзет қамауында ұсталатын 17 тергеу изоляторы бар.

Барлық аталған мекемеде 85 мың 744 адам ұсталуда. Оның ішінде: жалпы режимдегі колонияларда - 33 556 адам, қатаң режимдегі колонияларда - 18 730; айрықша қатаң режимдегі колонияларда - 2 001; колония-қоныстарда - 4 839; түрмелерде - 292; 3 268 - әйелдер; 1 128 - кәмелетке толмағандар; тергеу изоляторларында - 17 141 сезіктілер мен айыпталушылар жазаларын өтеуде. Бұл ретте, сотталғандардың және қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушы адамдардың саны мынадай:

**1-кесте**

**әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша түзеу мекемелеріндегі сотталғандар санының динамикасы**

| Жылы | 1995 | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 | 2000 | 2001 Болжам |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саны | 65 165 | 73 687 | 65 329 | 67 906 | 61 924 | 58 961 | 70 800 |

1997 және 2000 жылдарғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сотталғандар санының азаюы сотталғандардың кейбір санаттарына рақымшылық жасауды қолдануға, ал 1999 жылдың 1 қаңтарындағы дейінгі жағдай Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің енгізілуіне сәйкес үкімдердің қайта қаралуына байланысты болып отыр.

**2-кесте**

**2000 жылдың ішінде әр ай бойынша сотталғандардың саны**

| | I | II | III | IV | V | VI | VII | VIII | IX | X | XI | XII Болжам |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саны | 58 961 | 59 559 | 60 337 | 60 995 | 62 995 | 63 392 | 64 919 | 66 150 | 67 200 | 68 603 | 69 600 | 70 800 |

Жоғарыда келтірілген деректер сотталғандар санының орташа есеппен ай сайын 1000 адамға өсіп отырғандығын айғақтайды, бұл сотталғандар санының 2001 жылдың 1 қаңтарында 12 мың адамға өсетіндігі және сондай-ақ кейінгі 5 жылда да өсе беретіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**3-кесте**

**2001-2005 жж. кезеңінде сотталғандар санының өсу болжамы**

| Жылы | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 |
|---|---|---|---|---|---|
| Саны | 70 800 | 82 800 | 94 800 | 106 800 | 118 800 |

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес бас

бостандығынан айыруға сотталған адамдар тұтқындалғанға немесе сотталғанға дейін тұрған облыс аумағындағы түзеу мекемелерінде жазаларын өтеулері тиіс. Бірақ та қолда бар мекемелердің әр қилы орналасуы бұл талаптың орындалуын қамтамасыз ете алмай отыр. Қызылорда облысында жалпы режимдегі колониялар, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында қатаң режимдегі колониялар жоқ, соның нәтижесінде осы облыстардағы қатаң режимдегі түзеу колонияларында жазаларын өтеуге сотталғандар республиканың басқа аймақтарындағы қатаң режимдегі колонияларда жазаларын өтеуде.

Қолда бар айрықша қатаң режимдегі үш түзеу колониясы Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында орналасқан, осыған байланысты республиканың барлық аймақтарындағы сотталғандар жоғарыда аталған облыстардағы түзеу колонияларына жіберілуде.

Әйелдер мен кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған колониялар жеткіліксіз. Республиканың барлық облыстарындағы сотталған әйелдер Алматы және Қарағанды облыстарындағы екі түзеу колониясында, ал кәмелетке толмағандар Ақтөбе, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы үш тәрбие колониясында жазаларын өтеуде .

Мұндай жағдай республикадағы тергеу изоляторларында да қалыптасқан. Олардың көбі санитарлық және техникалық талаптарға жауап бермейтін ескі ғимараттарға орналасқан. Олардың қатарына 18-19 ғасырларда салынған, қазіргі кезде апаттық жағдайда тұрған Алматы, Қарағанды, Семей, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларындағы тергеу изоляторы жатады. Маңғыстау облысында тергеу изоляторы мүлде жоқ, саны 400 адам болатын сезіктілер мен айыпталушылар Атырау қаласындағы тергеу изоляторында ұсталуда. Астана және Алматы қалаларындағы тергеу изоляторлары шектен тыс толған, санының лимит шегінен шығуы тиісінше 22 және 132% құрайды. Республиканың тергеу изоляторларында ұсталатын арнайы контингент саны ай сайын 700-800 адамға өсіп отыр. Осылайша, ондағы арнайы контингенттің саны 2001 жылдың 1 қаңтарында шамамен 18 300 адамды құрайтын болады.

**4-кесте**

**тергеу изоляторларын жоспарлы және нақты толтыру**

| Тергеу изоляторлары (бұдан әрі - ТИ) | Пайдалануға берілген жылы | Орын лимиті | Нақты толтыру |
|---|---|---|---|
| 1-ТИ Алматы қаласы | 1952 жыл | 1 690 | 3 888 |
| 2-ТИ Семей қаласы | 1773 жыл | 760 | 698 |
| 3-ТИ Шымкент қаласы | 1964 жыл | 550 | 905 |
| 4-ТИ Орал қаласы | 1858 жыл | 530 | 553 |
| 5-ТИ Ақтөбе қаласы | 1954 жыл | 1 230 | 1 033 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6-ТИ Талдықорған қаласы | 1954 жыл | 660 | 566 |
| 7-ТИ Қостанай қаласы | 1912 жыл | 1 010 | 918 |
| 9-ТИ Атырау қаласы | 1971 жыл | 510 | 351 |
| 10-ТИ Қызылорда қаласы | 1810 жыл | 700 | 277 |
| 12-ТИ Астана қаласы | 1977 жыл | 880 | 1 036 |
| 13-ТИ Тараз қаласы | 1870 жыл | 1 300 | 1 451 |
| 14-ТИ Павлодар қаласы | 1980 жыл | 760 | 920 |
| 16-ТИ Қарағанды қаласы | 1946 жыл | 1 370 | 1 773 |
| 17-ТИ Өскемен қаласы | 1720 жыл | 760 | 981 |
| 18-ТИ Петропавл қаласы | 1954 жыл | 570 | 610 |
| 20-ТИ Көкшетау қаласы | 1981 жыл | 510 | 457 |
| 21-ТИ Жезқазған қаласы | 1993 жыл | 765 | 545 |
| Арқалық қаласының N 1 түрмесі жанындағы жергілікті учаске | | 300 | 179 |
| Жиыны | | 14 855 | 17 141 |

**5-кесте**

**2001-2005 жылдар кезеңінде республиканың тергеу изоляторларындағы арнайы контингент санының болжамы**

| Жылы | 2001 | 2002 | 2003 | 2004 | 2005 |
|---|---|---|---|---|---|
| Саны | 17 300 | 18 000 | 18 700 | 19 400 | 20 100 |

Қазіргі сәтте сот үкімдеріне сәйкес сотталғандарды тергеу изоляторларынан түзеу мекемелеріне режимнің түрлері бойынша тасымалдау темір жол көлігімен жүзеге асырылады. Айына ұзақтығы жолда жүрудің 1 тәулігінен 6 тәулігіне дейінгі 36 рейске дейін жасалатын 12 жоспарлы бағыт көзделген. Осы мақсаттар үшін қылмыстық-атқару жүйесінің тиісті қызметтері "Қазақстан Темір Жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан 16 арнайы вагонды және Ресей Федерациясының "Теміржол көлігі кәсіпорнынан" 3 арнайы вагонды жалға алып отыр. Жоғарыда аталған арнайы вагондар күрделі жөндеуді қажет етеді және оларды пайдалану мерзімінің өтіп кетуіне байланысты толық ауыстыруға жатады. Арнайы контингентті тасымалдауға арналған арнайы автомобильдер де дәл осындай жағдайға ұшырап отыр, бұл ақыр аяғында сотталғандарды және қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушы адамдарды автомобиль және темір жол көлігімен тасымалдау кезінде төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.

Жабық үлгідегі түзеу мекемелерін күзеттің қазіргі инженерлік-техникалық

құралдарымен жабдықтау проблемалық мәселе болып отыр. Қазіргі уақытта республиканың түзеу мекемелерінде орнатылған "Ночь-12", "Пион", "Мимоза-4" сияқты күзеттің тағы басқа техникалық құралдары олардың ұзақ уақыт пайдаланылуына байланысты жөндеуді немесе қайта орнатуды қажет етеді. Бұл ретте бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың мінез-құлқын бақылауды және қылмыстық-атқару жүйесінің бөлімшелері қызметкерлерінің қауіпсіздігін жүзеге асыру үшін түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларын қосымша өндірістік теледидар қондырғыларымен жабдықтау қажет.

Ескерту. 3-абзац алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсарту, күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын жаңарту, сотталғандар мен қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушы адамдардың коммуналдық-тұрмыстық жағдайын, сондай-ақ оларды тасымалдауды қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру болып табылады.

Осы Бағдарламаны орындау бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің алдындағы міндеттер мыналардан тұрады:

1) жаңа құрылыстар салу және қолданыстағы түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларын қайта жаңарту жолымен түзеу мекемелеріндегі және тергеу изоляторларындағы сотталғандарды ұстаудың орналасу тығыздығын азайту;

2) сотталғандардың барлық санаттарына сотталғанға немесе тұтқындалғанға дейін тұрған аймағының шегінде жазасын өтеу үшін жағдай жасау;

3) сотталғандарды республика бойынша тасымалдау санын азайту;

4) түзеу мекемелерінде жазаларын өтеу кезінде сотталғандарды ұстаудың қауіпсіздігін арттыру;

5) сотталғандардың арасындағы қылмыстар санын, олардың күзетілетін түзеу мекемелерінен қашу санын азайту.

## 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асырудың тетіктері

Сотталғандардың тұтқындалғанға немесе сотталғанға дейін тұрған облыс аумағында жазаларын өтеу туралы заңнамалық талаптарды іске асыру мақсатында барлық санаттағы бас бостандығынан айыруға сотталған ерлерге, әйелдерге және кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауыратындарға жазаларын өтеу үшін әрбір облыста тиісті жағдай жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Прогрессивті жаза өтеудің сотталғандарды тиімді қайта әлеуметтік бейімдеуді

барынша ынталандыратын, сотталғандарды бір түзеу мекемесінің шегінде саралап ұстауды және жеңілдеу режимдегі өзге де түзеу мекемелеріне ауыстыруды, тіптен шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қамтитын қалыпты жүйесін құру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Жазаларды өтеудің режимін, ғылым мен техника саласындағы соңғы жетістіктер негізінде жасалған күзеттің қазіргі заманғы инженерлік-техникалық құралдарын пайдалана отырып, бас бостандығынан айыру орындарын күзетудің сенімді болуын нығайту. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оларды қазіргі заманғы жеке қорғаныс және байланыс құралдарымен, қару-жарақпен қамтамасыз ету.

Бағдарламаны іске асыру алғашқы кезеңде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жүктеледі.

Тергеу изоляторларынан басқа, пенитенциарлық жүйенің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне берілуіне байланысты Бағдарламаны одан әрі іске асыруды аталған министрлікке жүктеу жоспарланып отыр. <*>

Ескерту. 5-абзац өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

## 6. Қажетті ресурстар және бағдарламаны қаржыландыру көздері <*>

**Бағдарламаны жылдар бойынша қаржыландыру қажеттілігі**

| Р/с N | Іс-шара | Болжамды шығыстар (млн. теңге) | Қаржыландыру көзі | Бюджеттік өтінімдегі бюджеттік бағдарламалар: Бюджеттік бағдарламаның коды | Сомасы (млн. теңге): 2001 жыл | 2002 жыл | 2003 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақтөбе облысының Жем кентіндегі әскери объектіні 1500 орынды қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | 389 | | 42; 306 | 89 | - | 300 |
| 2 | Шығыс Қазақстан облысының Солнечный кентіндегі | 223 | | 42; 300; 305 | 45,1 | 40 | 137,9 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | әскери қалашықты 300 орынды толтыру лимиті бар сотталған әйелдерді ұстауға арналған түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | | | | | | |
| 3 | Өскемен қаласындағы тәрбие колониясын 300 орынды толтыру лимиті бар сотталған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған тәрбие колониясы етіп күрделі жөндеу | 55,7 | республикалық бюджет | 42 | 55,7 | - | - |
| 4 | Алматы облысының Заречный кентіндегі түзеу қоныс колониясын 1500 орынды толтыру лимиті бар қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | 15 | | 42; 300 | 5 | 10 | - |
| 5 | Орал қаласындағы түзеу қоныс колониясын 900 орынды толтыру лимиті бар қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | 10,05 | | 42; 300 | 7 | 3,051 | - |
| 6 | Қызылорда қаласындағы қабырға материалдары зауы. | 456,15 | | 42; 300; 30,2 | 115,949 | | 310 303 |

тының базасында
1000 орынды тол.
тыру лимиті бар
жалпы режимдегі
түзеу колониясы
етіп қайта жаңарту
7 Атырау қаласындағы 44 42; 300 4 40 -
бұрынғы кәсіптік
техникалық училище
ғимаратын 300
орынды сотталған
әйелдерді ұстауға
арналған түзеу
колониясы етіп
қайта жаңарту
8 Жамбыл облысындағы 415 42; 300; 24 91 300
психоневрологиялық 304
үй-интернатын 1200
орынды толтыру
лимиті бар жалпы
режимдегі түзеу
колониясы етіп
қайта жаңарту
9 Қарағанды қаласында 127 42; 304 100 27 -
336 орынды толтыру
лимиті бар тергеу
изоляторының режим.
дік корпусын салу
10 Алматы қаласында 858,1 42; 304; 237,5 280 340,6
1500 орынды толтыру 304
лимиті бар тергеу
изоляторын салу
11 Шымкент қаласында 345 42; 304; 145 100 100
1000 орынды толтыру 304
лимиті бар тергеу
изоляторын салу
12 Ақтау қаласындағы 690,3 респуб. 42; 304; 100 133 457,3
әскери-техникалық ликалық 304
мектепті 510 орынды бюджет

толтыру лимиті бар
тергеу изоляторы
етіп қайта жаңарту

13 Павлодар қаласында 223,5 42; 304; 22,5 100 101
600 орынды толтыру 304
лимиті бар тергеу
изоляторының
режимдік корпусын
салу

14 Астана қаласындағы 5 42 5 - -
2000 орынды тергеу
изоляторын қайта
жаңарту және
кеңейту

15 6 түзеу мекемесі. 178 201; 201 - 89 89
нің инженерлік-
техникалық құрылыс.
тарын қайта жаңарту
мен жөндеу

16 Тергеу изолятор. 50 203; 203 - 25 25
ларын инженерлік-
техникалық күзет
құралдарымен жабдық.
тау

17 Түзеу колониялары 33,6 42; 200 13,6 - 20
үшін арнайы автомо.
бильдер сатып алу

18 Тергеу изоляторлары 16,64 Респуб. 202 - - 16,64
үшін арнайы көлік ликалық
сатып алу (Арнайы бюджет
контингентті тасы.
малдауға арналған
автомобильдер)

Түзеу колониялары
бойынша жиыны 1819,5 273,6 389 1156,9

Тергеу изоляторлары
бойынша жиыны 2315,54 610 665 1040,54

БАРЛЫҒЫ 4135,04 883,6 1054 2197,44

-------------------------------------------------------------

Ескерту.

1. Әділет министрлігі бюджеттік бағдарламаларының атауы:

200-бағдарламаның коды - "Қылмыстық-атқару жүйесін жабдықтармен, мүкаммалмен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлік құралдарымен жарақтандыру";

201-бағдарламаның коды - "Түзеу мекемелерін инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыру";

300-бағдарламаның коды - "Түзеу мекемелерін салу, қайта жаңарту және күрделі жөндеу";

303-бағдарламаның коды - "Қызылорда қаласындағы қабырға материалдары зауытының базасында жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту";

304-бағдарламаның коды - "Жамбыл облысындағы психоневрологиялық үй-интернатын жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту";

305-бағдарламаның коды - "Шығыс Қазақстан облысының Солнечный поселкесіндегі әскери қалашықты әйелдерге арналған түзеу колониясы етіп қайта жаңарту";

306-бағдарламаның коды - "Ақтөбе облысының Жем кентіндегі "Ембі-5" әскери объектісін қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту".

2. Ішкі істер министрлігі бюджеттік бағдарламаларының атауы:

42-бағдарламаның коды - "Тергеу изоляторларын және түзеу мекемелерін салу, қайта жаңарту және күрделі жөндеу";

202-бағдарламаның коды - "Ішкі істер органдарын жабдықпен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлікпен жарақтандыру";

203-бағдарламаның коды - "Тергеу изоляторларын инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыру";

304-бағдарламаның коды "Тергеу изоляторларын салу, қайта жаңарту және күрделі жөндеу".

3. Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2001-2003 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға арналған бюджет қаражатына қажеттілік 4135,04 млн. теңгені құрайды.

Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны орындау сотталғандар мен қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушы адамдарды ұстаудың жағдайын Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкестендіруге, түзеу мекемелері мен тергеу изоляторлары қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

, мұның өзі түпкі нәтижесінде республикадағы бас бостандығынан айыру орындарында тұрақты және болжамды жағдайды қолдауға жәрдемдеседі.

## 8. Қазақстан Республикасының түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының материалдық-техникалық базасын жақсартудың 2001-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары <*>

| Р/с N | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар | Іске асыру (орындау) мерзімі | Болжамды шығыстар (млн. теңге) | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Өскемен қаласындағы 300 орынды толтыру лимиті бар сотталған кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған тәрбие колониясын күрделі жөндеу | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001 ж. | 55,7 | РБ |
| 2 | Астана қаласындағы 2000 орынды тергеу изоляторын қайта жаңарту және кеңейту | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2001 ж. | 5 | РБ |
| 3 | Алматы облысының Заречный кентіндегі түзеу қоныс колониясын 1500 орынды толтыру лимиті бар қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2002 жж. | 15 | РБ |
| 4 | Орал қаласындағы түзеу қоныс колониясын 900 орынды толтыру лимиті бар | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2002 жж. | 10,05 | РБ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | | | | | |
| 5 | Атырау қаласындағы бұрынғы кәсіптік техникалық училище ғимаратын 300 орынды сотталған әйелдерді ұстауға арналған түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2002 жж. | 44 | РБ |
| 6 | Қарағанды қаласын. да 336 орынды толтыру лимиті бар тергеу изоля. торының режимдік корпусын салу | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2001-2002 жж. | 127 | РБ |
| 7 | Ақтөбе облысының Жем кентіндегі әскери объектіні 1500 орынды қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2003 жж. | 389 | РБ |
| 8 | Шығыс Қазақстан облысының Солнеч. ный кентіндегі әскери қалашықты 300 орынды толтыру лимиті бар соттал. ған әйелдерді ұстауға арналған түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2003 жж. | 223 | РБ |
| 9 | Қызылорда қаласын. дағы қабырға мате. риалдары зауытының базасында 1000 | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2003 жж. | 456,15 | РБ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | орынды толтыру лимиті бар жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | | | | | |
| 10 | Жамбыл облысындағы психоневрологиялық үй-интернатын 1200 орынды толтыру лимиті бар жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2003 жж. | 415 | РБ |
| 11 | Алматы қаласында 1500 орынды толтыру лимиті бар тергеу изоляторын салу | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2001-2003 жж. | 858,1 | РБ |
| 12 | Шымкент қаласында 1000 орынды толтыру лимиті бар тергеу изоляторын салу | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2001-2003 жж. | 345 | РБ |
| 13 | Ақтау қаласындағы әскери-техникалық мектепті 510 орынды толтыру лимиті бар тергеу изоляторы етіп қайта жаңарту | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2001-2003 жж. | 690,3 | РБ |
| 14 | Павлодар қаласында 600 орынды толтыру лимиті бар тергеу изоляторының режимдік корпусын салу | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2001-2003 жж. | 223,5 | РБ |
| 15 | Түзеу колониялары үшін арнайы автомобильдер сатып алу | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2001-2003 жж. | 33,6 | РБ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | OB-156/2; AK-159/21; УК-161/4; OB-156/14; ЛА-155/8; ЛА-155/14 түзеу мекемелерінің инженерлік-техникалық үймереттерін қайта жаңарту және жөндеу | Үкіметке есеп беру | ӘдМ | 2002-2003 жж. | 178 | РБ |
| 17 | Тергеу изоляторларын инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жабдықтау | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2002-2003 жж. | 50 | РБ |
| 18 | Тергеу изоляторлары үшін арнайы көлік сатып алу (Арнайы контингентті тасымалдау үшін арнайы автомобильдер сатып алу) | Үкіметке есеп беру | ІІМ | 2003 ж. | 16,64 | РБ |
| 19 | Мемлекеттік мекемелер нысанында: түзеу мекемелерін және қамау үйлерін; тергеу изоляторларын құру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді дайындау | Үкімет қаулысы | ӘдМ<br>ІІМ | 2003 ж.<br>- ІІ - | | |
| | Түзеу колониялары бойынша жиыны | | ӘдМ | 2001-2003 жж. | 1819,5 | РБ |
| | Тергеу изоляторлары бойынша жиыны | | ІІМ | - ІІ - | 2315,54 | - ІІ - |
| | Іс-шаралар жоспары бойынша барлығы | | | | 4135,04 | - ІІ - |

-------------------------------------------------------------

Ескерту.

Әріп аббревиатураларының ажыратылуы:

ӘдМ - Әділет министрлігі
ІІМ - Ішкі істер министрлігі
РБ - республикалық бюджет
Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.04. N 326 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК